Орал қалалық мәслихатының

# ШЕШІМІ

**2014 ж. 27 ақпан №20-3**

**Орал қаласының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қоса беріліп отырған Орал қаласының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы С.Қарекенов**

**Мәслихат хатшысы М.Сатыбалдиев**

**Тіркеу нөмірі 3472 2.04.2014ж**

**Орал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы №20-3 шешімімен бекітілген Орал қаласының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасы**

1. Жалпы ережелер

1.Осы Орал қаласының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес әзірленді және Орал қаласының аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және **ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау** тәртібін белгілейді.

2.Орал қаласының кенттерінің, ауылдық округтерінің аумағындағы ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын), жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Орал қаласының кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдері шақырады.

Орал қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді кенттің, ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

7. Бөлек жиынды кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын осы қағидамен айқындалған сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

3. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау

11. Орал қаласының аумағында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бір пайызы (бір өкілден кем емес) негізінде айқындалады.

Орал қалалық мәслихатының

# ШЕШІМІ

**2014 ж. 27 ақпан №20-2**

**Орал қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 9-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №704 «Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы» Жарлығы негізінде Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Орал қалалық мәслихатының регламенті бекітілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы С.Қарекенов**

**Мәслихат хатшысы М.Сатыбалдиев**

**Тіркеу нөмірі 3464 1.04.2014ж**

**Орал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы №20-2 шешімімен бекітілді**

## Орал қалалық мәслихатының регламенті

1.Жалпы ережелер

1. Осы Орал қалалық мәслихатының регламенті (бұдан әрі – регламент) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №704 «Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы» Жарлығына сәйкес әзірленді және мәслихат сессияларын, оның органдарының отырыстарын өткізу, оларға мәселелер енгізу және қарау, мәслихат органдарын құру және сайлау, олардың қызметі туралы есептерді, халық алдында мәслихаттың атқарған жұмысы және оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы есептерді тыңдау, депутаттардың сауалдарын қарау тәртібін, мәслихаттағы депутаттық бірлестіктердің өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыруды, сондай-ақ дауыс беру, аппарат жұмысының тәртібін және басқа да рәсімдік және ұйымдастырушылық мәселелерін белгілейді.

2. Мәслихат (жергілікті өкілді орган) – облыс, республикалық маңызы бар қала және астана немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган. Мәслихат заңды тұлға құқығын иеленбейді.

3. Мәслихаттың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

2. Мәслихат сессияларын өткізу тәртібі

2.1. Мәслихат сессиялары

4. Мәслихат қызметінің негізгі нысаны сессия болып табылады, онда Қазақстан Республикасының заңдары бойынша оның құзыретіне жатқызылған мәселелер шешіледі.

Егер мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі мәслихат сессиясына қатысса, ол заңды болады. Сессия жалпы отырыс нысанында өткізіледі.

Сессия жұмысында мәслихат шешімі бойынша мәслихат белгілеген он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге үзіліс жасалуы мүмкін. Сессияның ұзақтығын мәслихат айқындайды.

Мәслихаттың әрбір отырысының алдында қатысып отырған депутаттарды тіркеу жүргізіледі, оның нәтижесін сессияның төрағасы отырыс басталардан бұрын жария етеді.

Мәслихаттың сессиясы, әдетте, ашық сипатта болады. Мәслихат сессиясы төрағасының немесе мәслихат сессиясына қатысып отырған депутаттар санының үштен бірінің ұсынысы бойынша қабылданатын мәслихат шешімімен, егер қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігі осы үшін дауыс берсе, жабық сессиялар өткізуге жол беріледі.

5. Жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясын осы мәслихат үшін белгіленген депутаттар санының кемінде төрттен үші болған ретте, мәслихат депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күн мерзімнен кешіктірмей қалалық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады.

6. Мәслихаттың бірінші сессиясын сайлау комиссиясының төрағасы ашады және мәслихат сессиясының төрағасы сайланғанға дейін жүргізеді.

Сайлау комиссиясының төрағасы депутаттарға сессия төрағасының кандидатурасын енгізуді ұсынады, ол бойынша ашық дауыс беру жүргізіледі. Депутаттардың жалпы санының көпшілік даусын жинаған кандидат сайланған болып есептеледі.

7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.

8. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясын осы мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен бірінің, сондай-ақ әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының төрағасы шақырады және жүргізеді.

Кезектен тыс сессия оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірілмей шақырылады. Кезектен тыс сессияда оны шақыруға негіз болған ерекше мәселелер қаралуы мүмкін.

9. Мәслихат хатшысы мәслихат сессиясын шақыру уақыты мен өткізілетін орны туралы, сондай-ақ сессияның қарауына енгізілетін мәселелер туралы депутаттарға, халыққа және әкімге сессияға кемінде он күн қалғанда, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда, кемінде үш күн бұрын хабарлайды.

Мәслихат хатшысы сессияның қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды депутаттарға және әкімге сессияға кемінде бес күн қалғанда, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда кемінде үш күн қалғанда табыс етеді.

10. Депутат регламентте белгіленген тәртіппен мәслихат сессияларын, тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының отырыстарын өткізу кезеңінде, депутаттық өкілеттіктерді жүзеге асыру уақытында оған негізгі жұмыс орны бойынша жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен орташа жалақысы, бірақ осы қызметте бір жылға дейінгі жұмыс стажы бар қала әкімі аппараты басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде және жол жүру уақыты ескеріліп, сессиялар, мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының отырыстары өтетін мерзімдегі іссапар шығыстары өтеле отырып, қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

11. Сессияның күн тәртібін мәслихат жұмысының перспективалы жоспарының, мәслихат хатшысы, мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, депутаттар топтары мен депутаттар, қала әкімі ұсынған мәселелердің негізінде сессияның төрағасы қалыптастырады.

Сессияның күн тәртібіне ұсыныстарды сессияның төрағасына жергілікті қоғамдастықтың жиналыстары, қоғамдық ұйымдар ұсынуы мүмкін.

Сессияның күн тәртібін талқылау барысында ол толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін. Сессияның күн тәртібін бекіту туралы мәслихат шешім қабылдайды.

Күн тәртібі бойынша дауыс беру әрбір мәселе бойынша жеке өткізіледі. Егер мәселеге мәслихат депутаттарының көпшілігі дауыс берсе, ол күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

12. Сессияға енгізілетін мәселелерді сапалы дайындау үшін мәслихат хатшысы сессияны дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді уақтылы ұйымдастырады, оны қала әкімімен келісім бойынша сессия төрағасы бекітеді.

13. Мәслихаттың қарауына жататын мәселелер бойынша қалалық мәслихаттың сессиясына қала, кенттер және ауылдық округтердің әкімдері, жұмысы сессияда қаралатын ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдары шақырылады. Сессияларға сессия төрағасының шақыруымен бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуына жол беріледі.

14. Мәслихаттың отырысына шақырылған адамдар үшін мәжіліс залында арнайы орындар бөлінеді. Шақырылған адамдардың мәслихат сессиясының жұмысына араласуына, мәслихат сессиясының шешімдерін қолдайтынын немесе қолдамайтынын білдіруіне жол берілмейді.

Шақырылған адам тәртіпті өрескел бұзған жағдайда, сессия төрағасының шешімі немесе сессияға қатысып отырған депутаттардың көпшілігінің талабы бойынша мәжіліс залынан шығарылуы мүмкін.

15. Мәслихаттың отырыстары мәслихат айқындаған уақытта өткізіледі.

Сессия төрағасы өз бастамасы бойынша немесе депутаттардың дәлелді ұсыныстары бойынша үзілістер жариялай алады. Жалпы отырыстың соңында депутаттарға қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыссөз ашылмайды.

16. Мәслихат отырыстарында сөз сөйлеу регламенті келесі тәртіпте белгіленсін:

баяндамалар үшін 30-40 минут;

қосымша баяндамалар үшін 15 минут;

жарыссөзде сөйлеу үшін 7 минутқа дейін;

отырыстарды өткізу тәртібі бойынша, кандидатураларды талқылау, дауыс беру, анықтамалар мен сұрақтар үшін сөз сөйлеу үшін 5 минутқа дейін.

Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұрақтарға жауап беру үшін қосымша 5-7 минут уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, сессия төрағасы оның сөзін тоқтатады немесе отырысқа қатысып отырған депутаттардың көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Мәслихат депутаты бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыссөздердегі депутаттық сауалдар, түсіндірме және сұрақтарға жауап беру үшін сөйлеу сөз сөйлеу деп есептелмейді. Сөйлеу құқығын басқа депутатқа беруге жол берілмейді.

Жарыссөз сессияға қатысып отырған депутаттардың көпшілігінің ашық дауыс беруімен тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату туралы мәселе қойылған кезде, сессия төрағасы сөз сөйлеуге жазылған және сөйлеген депутаттардың саны туралы хабарлайды, кімнің сөз алуды талап ететіндігін анықтайды.

17. Отырысты өткізу тәртібі бойынша сөз депутатқа сөз сөйлеп тұрған адамның сөзі аяқталған соң кезектен тыс беріледі. Сессия төрағасы анықтама, депутаттық сауал, сұраққа жауап және талқыланып отырған мәселе бойынша түсіндірме беру үшін кезектен тыс сөз бере алады.

Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе ауызша түрде беріледі. Жазбаша сұрақтар сессия төрағасына беріледі және мәслихат отырысында жария етіледі.



# РЕШЕНИЕ

**Уральского городского маслихата от 27 февраля 2014 года №20-3**

**Об утверждении Правил о порядке проведения раздельных сходов местного сообщества и определения количества представителей жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества на территории города Уральск**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 октября 2013 года № 1106 «Об утверждении Типовых правил проведения раздельных сходов местного сообщества» Уральский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить прилагаемые Правила о порядке проведения раздельных сходов местного сообщества и определения количества представителей жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества на территории города Уральск.

2.Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель сессии С.Карекенов**

**Секретарь маслихата М. Сатыбалдиев**

**Рег.ном. №3472 2.04.2014**

**Утверждены решением Уральского городского маслихата от 27февраля 2014 года №20-3**

**Правила о порядке проведения раздельных сходов местного сообщества и определения количества представителей жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества на территории города Уральск**

1. Общие положения

1. Настоящие Правила о порядке проведения раздельных сходов местного сообщества **и определения количества представителей жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества на территории** города Уральск (далее- Правила) разработаны в соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 октября 2013 года № 1106 «Об утверждении Типовых правил проведения раздельных сходов местного сообщества» и устанавливают порядок проведения раздельных сходов местного сообщества и определяет количество представителей жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома на территории города Уральск.

2. Раздельный сход местного сообщества жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома (далее - раздельный сход) на территории поселков, сельских округов города Уральск созывается и проводится с целью избрания представителей для участия в сходе местного сообщества.

2. Порядок проведения раздельных сходов местного сообщества

3.Раздельный сход созывается акимами поселков, сельских округов города Уральск.

Проведение раздельных сходов допускается при наличии положительного решения акима города Уральск на проведение схода местного-сообщества.

4.О времени, месте созыва раздельных сходов и обсуждаемых вопросах население местного сообщества оповещается не позднее чем за десять календарных дней до дня его проведения через средства массовой информации или иными-способами.

5.Проведение раздельного схода в пределах села, улицы, многоквартирного жилого дома организуется акимом поселка, сельского округа.

6.Перед открытием раздельного схода проводится регистрация присутствующих жителей соответствующего села, улицы, многоквартирного жилогопдома,-имеющих право в нем-участвовать.

Не имеют права участвовать в сходе местного сообщества и на собрании местного сообщества несовершеннолетние лица, лица, признанные судом недееспособными, а также лица, содержащиеся в местах лишения свободы по приговору суда.

7.Раздельный сход открывается акимом поселка, сельского округа или уполномоченным им лицом.

Председателем раздельного схода являются аким поселка, сельского округа или уполномоченное имлицо.

Для оформления протокола раздельного схода открытым голосованием избирается секретарь.

8.Кандидатуры представителей жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества выдвигаются участниками раздельного схода в соответствии с количественным составом, определенным настоящими Правилами.

Количество представителей жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества определяется на основе принципа равного представительства.

9.Голосование проводится открытым способом персонально по каждой кандидатуре. Избранными считаются кандидаты, набравшие наибольшие голоса участников раздельного схода.

10.На раздельном сходе ведется протокол, который подписывается председателем и секретарем и передается в аппарат акима поселка, сельского округа.

3. Определение количества представителей **жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества**

11. Количества представителей **жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома для участия в сходе местного сообщества на территории города Уральск определяется на основе одного процента (не менее одного представителя) от жителей села, улицы, многоквартирного жилого дома.**

# РЕШЕНИЕ

**Уральского городского маслихата от 27 февраля 2014 года №20-2**

**Об утверждении регламента Уральского городского маслихата**

В соответствии со статьей 9 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и на основании Указа Президента Республики Казахстан от 3 декабря 2013 года № 704 «Об утверждении Типового регламента маслихата» Уральский городской маслихат РЕШИЛ:

1.Утвердить прилагаемый регламент Уральского городского маслихата.

2. Настоящее решение вводится в действие со дня подписания.

**Председатель сессии С.Карекенов**

**Секретарь маслихата М.Сатыбалдиев**

**Рег.ном. №3464 1.04.2014**

**Утвержден решением Уральского городского маслихата от 27 февраля 2014 года №20-2**

**Регламент Уральского городского маслихата**

1. Общие положения

1. Настоящий регламент Уральского городского маслихата (далее - регламент) разработан в соответствии со статьей 9 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» (далее - Закон) и Указом Президента Республики Казахстан от 3 декабря 2013 года №704 «Об утверждении Типового регламента маслихата» и устанавливает порядок проведения сессий маслихата, заседаний его органов, внесения и рассмотрения на них вопросов, образования и избрания органов маслихата, заслушивания отчетов об их деятельности, отчетов о проделанной работе маслихата перед населением и деятельности его постоянных комиссий, рассмотрения запросов депутатов, полномочия, организацию деятельности депутатских объединений в маслихате, а также голосования, работы аппарата и другие процедурные и организационные вопросы.

2. Маслихат (местный представительный орган) – выборный орган, избираемый населением области, города республиканского значения и столицы или района (города областного значения), выражающий волю населения и в соответствии с законодательством Республики Казахстан определяющий меры, необходимые для ее реализации, и контролирующий их осуществление. Маслихат не обладает правами юридического лица.

3. Деятельность маслихата регулируется Конституцией Республики Казахстан, Законом и иными нормативны ми правовыми актами Республики Казахстан.

2. Порядок проведения сессии маслихата

2.1. Сессии маслихата

4. Основной формой деятельности маслихата является сессия, на которой решаются вопросы, отнесенные к его ведению законами Республики Казахстан.

Сессия маслихата правомочна, если на ней присутствует не менее двух третей от общего числа депутатов маслихата. Сессия проводится в форме пленарных заседаний.

В работе сессии по решению маслихата может быть сделан перерыв на срок, установленный маслихатом, не превышающий пятнадцати календарных дней. Продолжительность сессии определяется маслихатом.

Перед каждым заседанием маслихата проводится регистрация присутствующих депутатов, ее результаты оглашаются председателем сессии перед началом заседаний.

Сессия маслихата, как правило, носит открытый характер. Проведение закрытых сессий допускается по решению маслихата, принимаемому по предложению председателя сессии маслихата или одной трети от числа депутатов, присутствующих на сессии маслихата, если за это проголосовало большинство от общего числа присутствующих депутатов.

5. Первая сессия вновь избранного маслихата созывается председателем городской избирательной комиссии не позднее чем в тридцатидневный срок со дня регистрации депутатов маслихата, при наличии не менее трех четвертей от числа депутатов, определенного для данного маслихата.

6. Первую сессию маслихата открывает и до избрания председателя сессии маслихата ведет председатель избирательной комиссии. Председатель избирательной комиссии предлагает депутатам внести кандидатуру председателя сессии, по которой проводится открытое голосование. Избранным считается кандидат, набравший большинство голосов от общего числа депутатов.

7. Очередная сессия маслихата созывается не реже четырех раз в год и ведется председателем сессии маслихата.

8. Внеочередная сессия маслихата созывается и ведется председателем сессии маслихата по предложению не менее одной трети от числа депутатов, избранных в данный маслихат, а также акима.

Внеочередная сессия созывается не позднее чем в пятидневный срок со дня принятия решения о проведении внеочередной сессии. На внеочередной сессии рассматриваются исключительно вопросы, послужившие основанием для ее созыва.

9. О времени созыва и месте проведения сессии маслихата, а также вопросах, вносимых на рассмотрение сессии, секретарь маслихата сообщает депутатам, населению и акиму не позднее, чем за десять дней до сессии, а в случае созыва внеочередной сессии – не позднее, чем за три дня.

По вопросам, вносимым на рассмотрение сессии, секретарь маслихата не позднее чем за пять дней до сессии, а в случае созыва внеочередной сессии не позднее чем за три дня представляет депутатам и акиму необходимые материалы.

10. В период проведения сессий, заседаний постоянных комиссий и иных органов маслихата, на время осуществления депутатских полномочий в порядке, установленном регламентом, депутат освобождается от выполнения служебных обязанностей с возмещением ему за счет средств местного бюджета средней заработной платы по месту основной работы, но в размере, не превышающем заработную плату руководителя аппарата акима города со стажем работы в указанной должности до одного года, и командировочных расходов на срок проведения сессий, заседаний постоянных комиссий и иных органов маслихата с учетом времени в пути.

11. Повестка дня сессии формируется председателем сессии на основе перспективного плана работы маслихата, вопросов, вносимых секретарем маслихата, постоянными комиссиями и иными органами маслихата, депутатскими группами и депутатами, акимом города.

Предложения к повестке дня сессии могут представляться председателю сессии собраниями местного сообщества, общественными объединениями.

Повестка дня сессии при ее обсуждении может быть дополнена и изменена. Об утверждении повестки дня сессии маслихат принимает решение.

Голосование по повестке дня проводится раздельно по каждому вопросу. Вопрос считается внесенным в повестку дня, если за него проголосовало большинство депутатов маслихата.

12. Для качественной подготовки вопросов, вносимых на сессию, секретарь маслихата своевременно организует разработку плана мероприятий по подготовке сессии, который утверждается председателем сессии по согласованию с акимом города.

13. По вопросам, относящимся к ведению маслихата, на сессии городского маслихата приглашаются акимы города, поселков и сельских округов, руководители и иные должностные лица организаций, работа которых рассматривается на сессии. Допускается присутствие на сессиях представителей средств массовой информации, государственных органов и общественных объединений по приглашению председателя сессии.

14. Для лиц, приглашенных на заседание маслихата, отводятся специальные места в зале заседаний. Не допускаются вмешательство приглашенных лиц в работу сессии маслихата, проявление одобрения или неодобрения решений сессии маслихата.

Приглашенное лицо, в случае грубого нарушения порядка, может быть удалено из зала заседаний по решению председателя сессии или требованию большинства присутствующих на сессии депутатов.

15. Заседания маслихата проводятся в определенное маслихатом время.

Председатель сессии может объявить перерывы по собственной инициативе или мотивированному предложению депутатов. В конце пленарного заседания отводится время для выступления депутатов с краткими заявлениями и сообщениями, прения по которым не открываются.

16. Регламент выступлений на заседаниях маслихата определить в следующем порядке:

для докладов 30-40 минут;

для содокладов 15 минут;

для выступлений в прениях до 7 минут;

для голосования по порядку ведения заседания, обсуждения кандидатур, голосования, справок и вопросов - до 5 минут.

Докладчикам и содокладчикам отводится дополнительное время для ответов на вопросы 5-7 минут. В случае, если выступающий превысил отведенное время, председатель сессии прерывает его выступление или с согласия большинства присутствующих на заседании депутатов продлевает время для выступления.

Депутат маслихата может выступить по одному и тому же вопросу не более двух раз. Не считаются выступлениями в прениях депутатские запросы, выступления для дачи пояснений и ответов на вопросы. Передача права на выступление другому депутату не допускается.

Прения прекращаются открытым голосованием большинством присутствующих на сессии депутатов. При постановке вопроса о прекращении прений председатель сессии информирует о числе записавшихся и выступивших депутатов, выясняет, кто настаивает на предоставлении слова.

17. Слово по порядку ведения заседания предоставляется депутату вне очереди после окончания предыдущего выступления. Председатель сессии может предоставить вне очереди слово для справки, депутатского запроса, ответа на вопрос и дачи разъяснений по обсуждаемому вопросу.

Вопросы докладчикам подаются в письменном или устном виде. Письменные вопросы подаются председателю сессии и оглашаются на заседании маслихата.

**Продолжение следует**